

ИСЛАМДАҒЫ РАЦИОНАЛИЗМ ЖӘНЕ ОНЫҢ МҰСЫЛМАН ӨРКЕНИЕТІНДЕГІ ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ РӨЛІ

¹Д.Ә. Сиқымбаева, ²Д.М. Жаңабаева

АҢДАТПА

Қазіргі таңда ислам діні аясында сенім мен ақыл мәселесі қарсы қойылып, олардың қарым-қатынастарында басымдық тек сенімге беріледі деген тұжырымдарды жиі кездестіруге болады. Бұл тұжырымды қазіргі таңдағы мұсылман елдерінің басым көпшілігінде кеңінен таралған буквализм, консерватизм және ортағасырлық қоғам құндылықтары мен дәстүрлеріне қайта оралуға үндейтін жалаң популизм құбылыстары қолдай түседі. Ғылым және философия тарихында ортағасырлық ислам философиясы мен ғылымы адамзаттың ақиқат жолындағы рухани ізденісіндегі орны ерекше зор және өзінің тереңдігі мен жүйелілігінің арқасында келесі философиялық (еуропалық) ізденістерге де зор ықпалын тигізген. Алайда, философия және ғылым тарихындағы еуроцентрлік көзқарастың үстемдігі бұл мәселені төмендетіп, ортағасырлық мұсылман ойшылдарын ежелгі грек философиясы мен ғылымының комментаторлары ретінде ғана қарастырды.

Мақалада, ортағасырлық мұсылман өркениетінде ақыл мен сенім ара-қатынасы, діни және ғылыми білімнің дамуында рационализмнің рөлі қарастырылады. Сонымен қатар, исламдағы ғылыми дәстүрлердің қалыптасып дамуына ықпал еткен тарихи, әлеуметтік, саяси факторлар талданып, жалпыадамзаттық ғылымының дамуында мұсылман ғалымдарының үлесі мен орнына баға беріледі.

Түйін сөздер: ислам, рационализм, өркениет, ғылым, сенім.

Бұл зерттеу ҚР ҒЖБМ ҒК-нің қаржыландыру аясында әзірленді (BR10965263 «Қазақстандық қоғамның әлеуметтік жаңғыруы: идеялық-дүниетанымдық негіздемелер, концептуалды үлгілер, әлеуметтік-мәдени үрдістер, әлеуметтік-саяси технологиялар»).

Рационализм в исламе и его роль в развитии науки в мусульманской цивилизации

Аннотация. В академических кругах довольно часто встречаются утверждения о том, что приоритет во взаимоотношениях веры и разума в исламе принадлежит вере. Данное мнение еще подкрепляется широко распространенными явлениями буквализма, консерватизма и популизма, призывающего вернуться к ценностям и традициям средневекового общества в подавляющем большинстве современных мусульманских стран. В истории науки и философии средневековая исламская философия и наука занимают особое место в духовном поиске человечества на пути к истине и благодаря своей глубине и системности оказали большое влияние и на последующие философские (европейские) поиски. Однако доминирование европоцентрического подхода в истории философии и науки сводило к минимуму эту проблему и рассматривало средневековых мусульманских мыслителей только как комментаторов древнегреческой философии и науки.

^{1,2}ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Д.М. Жаңабаева,
dinara.jan@bk.ru

Мақаланың сілтемесі:
Сиқымбаева Д.Ә.,
Жаңабаева Д.М. Исламдағы
рационализм және оның
мұсылман өркениетіндегі
ғылымның дамуындағы
рөлі // Адам әлемі. – 2023.
– №2 (96). – Б. 143-151.

В статье рассматривается соотношение разума и веры в средневековой мусульманской цивилизации, роль рационализма в развитии религиозного и научного знания. Кроме того, проанализированы исторические, социальные, политические факторы, способствовавшие формированию и развитию научных традиций в исламе, дана оценка роли и места мусульманских ученых в развитии общечеловеческой науки.

Ключевые слова: ислам, рационализм, цивилизация, наука, вера.

Rationalism in Islam and its Role in the Development of Science in Muslim Civilization

Abstract. Today, within the framework of the Islamic religion, one can often find statements that the problem of faith and reason is opposed, and priority in their interplay is given only to faith. This conclusion is supported by the phenomena of conservatism and bare populism, which are widespread in the vast majority of Muslim countries today, calling for a return to the values and traditions of medieval society. In the history of Science and philosophy, medieval Islamic philosophy and science have a particularly great place in the spiritual search of mankind on the path of truth and, due to their depth and consistency, have also had a great influence on subsequent philosophical (European) searches. However, the dominance of a europocentric approach in the history of philosophy and science reduced this issue, considering medieval Muslim thinkers only as commentators of ancient Greek philosophy and science.

The article discusses the relationship between reason and faith in medieval Muslim civilization, the role of rationalism in the development of religious and scientific knowledge. In addition, the historical, social and political factors that contributed to the formation and development of scientific traditions in Islam are analyzed, and the contribution and place of Muslim scientists in the development of universal science is evaluated.

Key words: Islam, Rationalism, Civilization, Science, Faith.

Kіpіcne

Ғылым және философия тарихы бойынша кез-келген еңбектерде, оқулықтарда қазіргі таңдағы рационалды білім мен ғылым Ағартушылық кезеңде қалыптасып, Жаңа Заман дәуірінде Батыс Еуропа елдерінде пайда болған. Бұл кезеңге дейін рационалды білім мен ғылым ежелгі Грек мәдениетінде пайда болып дамыған. Бұл парадигмаға сай, Рим Католик Шіркеуі үстемдік етіп отырған Ортағасырлық кезең қараңғылық кезеңі деп аталды және ғылым мен рационалды білімнің, еркін ойдың дамуына діни ілімінің үстемдігі негізгі тежегіш күш болды. Алайда, протестанттық шіркеулердің пайда болып, Рим Католик шіркеуінен бөлінуі батыс еуропа елдерінің қоғамдық мәдени өмірлеріндегі көптеген өзгерістерге, атап айтар болсақ, еркін ойдың дамуы рационалды білімнің жинақталуы мен ғылымның дамуына, индустрияның дамуына алып келеді. Осы орайда, қазіргі таңдағы ғылымның анықтамасы, сипаты және нақты институттары осы еуропа елдерінде қалыптасып, дамиды. Алайда,

қазіргі позитивті, рационалды білімге негізделген ғылымның негізгі сипаттары мен оның институттарының, теория мен практикалық зерттеудің ұштасуын, ғылыми текстерді рәсімдеу және ғылымдағы этикалық мәселелердің барлығын дерлік ортағасырлық мұсылман өркениетіндегі ғылымның дамуынан да көруге болады.

Мұсылман өркениетінде рационализмнің орны және сенім мен ғылым ара-қатынасы

Осы тарауда, біз ислам тарихында «Алтын ғасыр» деп танылған VII ғасырдың соңы мен XII ғасыр арасы және одан кейінгі кезеңдердегі мұсылман өркениетіндегі ғылымның дамуының әлеуметтік-мәдени алғышарттарын, негізгі салалары мен негізгі институттарын қарастырамыз.

Ислам әлеміндегі ғылыми дискурс логика пен философияны негізге ала отырып, білімді қалыптастыруда рационалдық пен энциклопедизмге сүйенген. Исламдық ғылыми дәстүр өзінің табиғатынан философиялық және

терең метафизикалық болған, ғылым мәселелері адамгершілік мәселелерімен тығыз байланыста болып, фундамен-талды мәнге ие болды. Қалам, фәлсафа және адабтың пайда болуымен мұсылман өркениетінде ғылыми және фило-софиялық білімнің сабақтастығы мен үйлесімділік дәстүрі дами бастайды [1]. Мұсылман өркениетінде білім алу мен білімді дамыту әрбір мұсылманның па-рызы әрі исламдағы аса маңызды ру-хани құндылық болған. Бірқатар батыс зерттеушілері (Роузенталь) ортағасырлық мұсылман өркениетін «білім үстемдігі» орнаған дәуір деп атаған. Осы білім концепциясы мұсылман өркениетіндегі білімнің жүйеленуіне, жинақталуына және ғылыми дәстүрдің дамуына зор ықпалын тигізген.

Белгілі ресейлік ғалым, Н. Қирабаев-тың пікірінше, «мұсылман өркениетіндегі ғылыми және діни білімнің әмбебап үстемдік орнатуына ислам діні үлкен септігін тигізген» [2].

Әрине ғылымның дамуына ішкі факторлармен қоса, сыртқы фактор-лар да ықпал еткен. Солардың ішінде, арабтардың алғашқы басқыншылықта-рының нәтижесінде Халифат құрамына енген ежелгі және сол дәуірдегі алып өркениеттердің білімдері мен ғылыми жетістіктері бар. Басып алынған елдердің мәдениетін исламдандыру кезінде «бі-лімге» тек қана дін қайраткерлердің ғана монополиялық (үстемдік) құқығының болмауы, мұсылман өркениетіндегі ғы-лымның діни догматика шеңберінен шығуға, «бөтен» ғылымдардың, әсіресе ежелгі грек философиясын мұсылман мәдениетінің аясына енгізу болды [3]. Араб-мұсылман өркениетінің өкілдері ассимиляцияға ұшыраған мәде-ниеттерден бірінші кезекте өздеріне тәжірибелік тұрғыдан қажеттілік бо-лып табылған элементтерді игерді. Негізінен оларды медицина, астроно-мия және математика ғылымдары қатты қызықтырды, себебі, бұл ғылымдар мемлекеттің шаруашылық қажеттілігі мен ірі қалалардағы денсаулық сақтау қажеттілігін қанағаттандырды [4].

Егер біз ғылымды мәдениет құбы-лысы ретінде қарастыратын болсақ, ол бір жағынан табиғат және адамзат қоғамы туралы білімдердің жинағы, ал екінші жағынан ол қоғамның ру-хани өмірінің бір саласы. Ал табиғат пен қоршаған орта туралы бұл жүйелі білім жалпы адамзат қоғамының ортақ мұрасы мен жетістігі болып табы-лады. Осы тұрғыдан қарастырғанда, жүйелі білім мен ғылым Ағартушылық кезеңде Батыста ғана қалыптасқан де-ген еуроцентрлік көзқарас қате болып келеді. Ежелгі кезеңнен бері, ғылымның адамзат қоғамының руха-ни өмірі, әмбебап білім жүйесі мен ин-ститут ретінде қалыптасуына көптеген мәдениеттер мен өркениеттер белгілі деңгейде өзіндік үлестерін қосқан. Ол бүкіл адамзат қоғамына ортақ, белгілі бір әдіснамалық инструментарийі бар, белгілі эволюциялық сатылары мен революциялық ашылулары бар жал-пы тарихи сипаттағы әмбебап құбылыс. Осы орайда, мұсылман өркениетінің де ежелгі грек ғылымы мен заманауи ғылымның сабақтастығын жалғастырған, әлемдік деңгейдегі ғылыми білімге қосқан үлесі бар.

Ортағасырлық араб-мұсылман мә-дениетінің басты ұстанымы Жарату-шы мен оның жаратылысын тануға бағытталған, ол өз кезегінде ғылымның дамуын ынталандыруға ерекше әлеу-меттік-мәдени және психологиялық ұстанымдарды қалыптастырды [5].

VII ғасырда ислам діні келген-ге дейін және одан кейін бір жарым ғасырдан кейін де арабтарда жалпы ғылымның қалыптасуы не дамуы ту-ралы ешқандай тарихи мәліметтер болмаған. Сондықтан да, ислам та-рихы бойынша мамандар IX ғасырда бастау алған «аударма қозғалысын» исламдық ғылыми мәдениеттің пайда болуындағы ең маңызды фактор деп атауы орынды. Бұл аударма қозғалысы болашақта пайда болған ғылымдар үшін базалық білімді қамтамасыз етті. Бұл қозғалыс әрине, жалпы жағдайдың маңызды бөлігін түсіндіргенімен, осы

ғылыми дәстүрдің басталуына қандй әлеуметтік-мәдени факторлар әсер еткені туралы толық ақпарат бере алмайды. Біріншіден, осы аударма мен ғылымға деген қызығушылық туындатқан әлеуметтік-саяси шарттар мен мәдени ұмтылыс қандай болды? Екіншіден, осы жамағаттың күрделі ғылыми текстерді түсінуін, оны қалай аудару керек екендігін, екі тіл арасында ғылыми білімді тасымалдау үшін терминологиялық базаны қалай дамыту керектігін білуге және солардан игерілген білімді конструктивті тұрғыдан дамытуға ынталандырған мәдени алғышарттар қандай болған? Осы тұрғыдан қарағанда, аударма сыртқы білімді тасымалдаумен ғана шектелген жай ғана механикалық үдеріс емес, күрделі тарихи үдеріс екендігін түсінуге болады. Сонымен қатар, аударма арқылы игерілген білімді түсіну үшін де ислам мәдениетіне тән эпистемологиялық шарттар да болуы қажет. Сонымен қатар, аударма аясында мүмкін болған ғылымдар аударма қозғалысымен тығыз байланысты болғанымен, онымен толықтай бірегей болған деп айтуға болмайды. Сырттан келген ғылымдардың мәдени күштермен қарым-қатынасқа түсуі, оған дейін және аударма кезінде қалыптасқан білім базасымен қосылып, бұл үрдіс ислам мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде көптеген ғылымдарды реконструкциялап, жаңа, өзіндік ерекшеліктері бар деңгейге шығарады.

Батыс философиясы тұрғысынан ортағасырлық араб-мұсылман философиясы мен ғылымы – тек ежелгі грек философиясының тікелей аудармасы не көшірмесі ғана. Алайда, осы ежелгі грек философиялық мұрасын аударудың ұлы қозғалысы мұсылман өркениетінде тек аудармашылық істі ғана туындатып қойған жоқ. Аталмыш қозғалыс аудармамен қатар, тек философиялық ой мен логиканы ғана дамытып қоймай, ғылымның практикалық салаларының да дамуына үлесін қосты. Мұсылман ойшылдары ежелгі грек философиялық еңбектерін аударып қана қоймай,

оларға комментарий жазып, кемшілік тұстарын түзетіп, дамытып отырған. Ортағасырлық ислам өркениеті мен ғылым тарихын зерттеуші ғалымдардың пікірінше, шығыстағы мұсылман әлеміндегі интеллектуалды ғылыми, шаруашылық даму осы философияның дамуымен тығыз байланысты. Әлемдік академиялық ортада жалпы мұсылман ғылымы туралы 20 ғасырдың екінші жартысына дейін фундаменталды еңбектер өте аз болды. Алайда, содан кейінгі уақытта мұсылман ғалымдарының еңбектері мен әлемдік ғылымға қосқан үлестері, сол дәуірдегі ғылымның шарықтап дамуының әлеуметтік-мәдени, саяси және тағы басқа шарттары туралы жүйелі еңбектер пайда болды. Солардың ішінде, Эдуард Кеннеди [6] және оның шәкірттерінің арнайы зерттеулерінің нәтижесінде исламдағы нақты ғылымдар туралы білімнің көкжиегі кеңейіп, ислам ғылымы туралы жазылған көптеген тарихи еңбектер сынға алынды. Джорд Салибаның [7] еңбектері исламдық теориялық астрономия бойынша көпшілікке жан-жақты және кешенді білім алуға мүмкіндік берді. Дэвид Кинг [8] практикалық астрономия саласында маңызды зерттеулер жүргізіп, осы саладағы құралдар туралы, астрономиялық есептеу (калькуляция), уақытты белгілеу сияқты күрделі тақырыптарды қамтыды.

Рошди Рашедтің «The Development of Arabic Mathematics: Between Arithmetic and Algebra» [9] атты іргелі еңбегі ортағасырлық арифметика ғылым саласы туралы түсінікті кеңейтуде аса маңызды болды. Осы және тағы да басқа жұмыстар ортағасырлық мұсылман ғылымы туралы білімді кеңейтуге және оны басқа қырынын ашуға мүмкіндіктер берді.

Әдіснама

Жалпы философия және ғылым тарихында еуроцентризм үстемдігіне байланысты мұсылман ғалымдарының үлесі теріске шығарылып келді. Алай-

да, 20 ғасырдың орта шенінен бері бұл тәсілдеме батыс және шығыс ғалымдары тарапынан сынға алынып, қайта қарастыру мәселесі көтеріле бастады. Осы орайда, авторлар батыстық ғылыми еңбектерге сүйене отырып, мұсылман ғалымдарының үлестеріне қатысты өзгеше баға беретін тың еңбектерге талдау жасайды. Исламдағы рационализмнің қалыптасып, оның мұсылман өркениетіндегі ғылыми дәстүрлердің дамуына ықпалын тигізген әлеуметтік-мәдени факторларды саралауда құрылымдық-функционалдық, тарихи салыстырмалы әдістер қолданылады.

Ортағасырлық мұсылман өркениетіндегі сенім және ғылым ара-қатынасы

Ғылым тарихы туралы жалпы әдебиеттерде мұсылман қоғамдарында рационалды ғылымдарға институционалды қолдау болмағандықтан олар маргиналды күйге түсті деген тұжырым жиі кездеседі. Ғылымның вакуумде пайда болуы мүмкін емес, ғылыми тәжірибені қолдаудың белсенділігі әр кезде әрқалай және белгілі бір ғылыми салаларды қолдау да әр алуан болып келгенімен, ғылым мұсылман қоғамының алғашқы кезеңінен бастап интеллектуалды көкжиегінің айқын белгілерінің бірі болған. Грек ғылыми дәстүрінің араб-мұсылман ғылыми біліміне тигізген ықпалы сөзсіз. Алайда, сол дәуірдегі ғылыми текстер мен шарттар аударма қозғалысының мұсылман өркениетіндегі ғылымның қалыптасып, дамуының алғышарты емес, қосалқы іс-әрекеті немесе бір кезеңде болғандығын дәлелдейді. Зерттеу мен аударма ісі бір мезетте және түрлі салаларда жүзеге асты. Грек, парсы және үнді ғылыми мұраларын игеру құбылысын түсіндіруде бұл үдерістің мұсылман қоғамының үстем болып тұрған контексте іске асқанын есте ұстаған абзал.

Аударма ісімен қатар, ортағасырлық мұсылман өркениетінде қолданбалы

зерттеулермен байланысты ғылыми бағыттар да қалыптасады. Астрономия, математика, минералогия, бейнелеуші география қарқынды түрде дамып, эксперименталды ғылымдардың негіздері қаланады. Өз кезегінде, ғылымның маңызды компоненті ретінде эксперимент көптеген практикалық мәселелердің шешілуіне себін тигізіп, ғылыми білімнің ауқымын кеңейтіп, таным әдіснамасының жаңа сатысына көтерілуге мүмкіндік ашты, білімнің ақиқаттығын анықтауда жаңа база қалыптастырды. Жалпы, ғылым тарихы бойынша әдебиеттердің көбісі әлі күнге дейін еуроцентрлік тәсілдемеден арылған жоқ, оған сәйкес позитивизмге негізделген заманауи ғылым тек Батыс Еуропада белгілі бір әлеуметтік-мәдени факторлардың есебінен дамыды. Тек қатаң ғылыми әдістер арқылы эмперикалық база мен фактілерді зерттеу арқылы, ал жаратылыстану ғылымдарының міндетті түрде эксперимент пен лабораториялық тестілеу арқылы ғана жинақталған тәжірибелік білім ғана ғылыми білім болып саналады. Осы тұрғыдан қарағанда, ортағасырлық мұсылман өркениетіндегі ғылыми білім көптеген параметрлер арқылы ғылыми білім саналмады не болмаса осы білімге қосылған үлесі мойындалмады. Алайда, ғылымның институционалдануы мен оның басты сатылары мен әдіс-тәсілдерінің жүйелі түрде жүзеге асқаны туралы тарихи деректер бар. Қазіргі таңдағы ғылым Академиясы саналатын ғылыми институттардың прототипі ретінде ортағасырлық «Ғылым үйлерін», лаборатория ретінде жоғары зерттеу құралдары бар обсерваторияларды және тәжірибелік білім жинақталған емханаларды айтуға болады. Насириддин Тусидің (XIII в.) Мегар обсерваториясы немесе Самарқандағы Мухаммед Ұлықбек обсерваториясы (XV ғ.) сияқты күрделі ғылыми құрылымы бар зерттеу орталықтары болды. X ғасырда пайда болған «Ғылым үйлерінде» ауқымды кітапханаларда білімнің кез-келген саласы бойынша кітаптар қоры жинақталған,

оған білімге құштар кез келген азамат қол жеткізе алды [10].

Ислам әлеміндегі ғылым мен білімнің өркендеу орталығы болған Ирактағы Бағдад қаласындағы әлеуметтік-саяси және мәдени факторларға тоқталар болсақ, Аббасидтер династиясы кезінде, әсіресе, халиф әл-Маммун тұсында мұсылман қоғамының мультимәдени сипаты болған. Сол дәуірдегі Бағдад қаласында мұсылман және христиан арабтар, зороастрлықтар, сабияндар, еврейлер және жалпы пұтқа табынушылар арасында айрықша діни толеранттылық орнаған [11]. Жалпы ғылымның жан-жақты дамуы ғалымдар арасындағы жалпы интеллектуалды дискурс болуының, түрлі көзқарастардың өзара алмасуы мен дүниетанымдардың плюрализмі орнаған ортада жүзеге асады.

Ортағасырлық мұсылман өркениетіндегі философиялық және ғылыми зерттеулердің дамуындағы бас-ты әлеуметтік-тарихи шарттар мен мәдени факторлар ретінде қалалық мекендердің космополиттік сипаты жиі айтылады [11, 12, с. 4]. Тарихи ескерткіштер, ортағасырлық мұсылман қалаларының қарқынды дамып, жүздеген мыңға дейін өскенін, мамандандырылған өндіріс құрылысының жоғары деңгейдегі дифференциациясын көрсетеді. Бұл, негізінен арабтардың Шығыс пен Батысты, эллиндік Ортатеңіз аймағы мен үндірандық әлемді өздерінің билігінің астына біріктіре алуының арқасында мүмкін болды. Осы факторлардың аясында түрлі мәдениеттердің өзара қарым-қатынасқа түсіп, өзара рухани, интеллектуалды даму процесі жүзеге асты. Араб-мұсылман өркениетінің өкілдері ассимиляциялаған мәдениеттерден өздері тәжірибелік қажеттілік тұрғы-сынан мұқтаж болған практикалық элементтерді игерді. Оларды бірінші кезекте, медицина, математика және астрономия ғылымдары қызықтырды, себебі, бұл ғылымдар тығыз халқы бар ірі қалалық мекендерде шаруашылық қажеттіліктерді қанағаттандырды [4, с. 21].

Ортағасырлық мұсылман мәдениетінде ислам мен «шетелдік ғылымдар» арасында да дүниетанымдық шиеленіс те орын алды. Бұл негізінен, шетелдік ғылымдардың діни метафизикалық мәселелерді талқылануының есебінен болды. Әл-Фазалидің пікірінше, «егер перипатетиктердің физика, математика және логика ғылымдары дүниетанымдық тұрғыдан дін мен ғылымның қайшылығын туындатпайтын болса, философиялық білімнің бір саласы ретінде метафизика ислам догмаларымен тікелей қайшы келеді» [4, с. 13-14]. Алайда, әл-Фазалидің пікірінше, жаратылыстану (нақты ғылымдар) ғылымдарының жаңалықтары мен жетістіктері белгілі бір идеялық-доктриналды ілімнің меншігіне жата алмайды. Олардың нақты нәтижелері ілімге қайшы келмейді және теріске де шығара алмайды. Сондықтан, әл-Фазалидің өзі дінді жақтаймын деп ғылымға қарсы шыққандарды қатаң сынға алған [13]. Әл-Фазали, ислам ілімі философтар мен ғалымдардың ғылыми мәселелер бойынша рационалды және нақты тұжымдарын терістеуге мәжбүрлемейді. Ал ойшылдың «Философтарды терістеу» атты еңбегіндегі ақылға қатысты полемикасы саналы скепсистің тек теологиялық және философиялық тұжырымдарға ғана қатысты болған. Сонымен, белгілі ғалым Джанабидің пікірінше, әл-Фазалидің философтардың рационалдылығына негативті қатынасы ақылды теріске шығару емес, тек ақылдың абсолютті тұжырым шығарудағы қабілетін теріске шығару [13, с. 104].

Сондай ғылымдардың ішінде, астрология ғылымын мысалға келтірсе болады. Астрология ғылымы исламдағы әлемнің мәңгілігі, ерік бостандығы, тағдыр және тағы басқа догматикалық мәселелерге қатысты альтернативалық көзқарас туындатты және оларды сынға алды. Дәл осындай жағдай, ислам дініне дейінгі кезеңде христиан теологтары мен астрология саласындағы ғылымдар арасындағы шиеленістер де орын алған [7]. Алайда, бұл шиеленіс

ғылымға деген жалпы көзқарас пен мемлекеттік қызметкерлер мен ғалымдар арасындағы қарым-қатынасқа таралған жоқ. Ортағасырлық мұсылман өркениетіндегі жалпы астрономиялық зерттеулер өздерінің тереңдегі мен жүйелілігімен таң қалдырған. Мұсылман ғалымдарының астрономия саласындағы зерттеулері де әлемдік ғылымға қосқан үлесі жағынан да аз зерттелген, көп жағдайда грек ғылыми мұрасының аудармасы не көшірмесі ретінде қарастырылған. Алайда, Джордж Салиба және тағы басқа ғалымдардың сол дәуірдегі астрономия саласындағы зерттеулері мұсылман ғалымдарының грек астрономиялық еңбектеріне сыни көзқараспен қабылдап, олардың қателіктері немесе кем тұстарын жетілдіруге талпынғандығын көрсетеді. Осы орайда, планеталардың қозғалысын, қашықтығын зерттеу саласында ежелгі және ортағасырларда Птоломейдің «Алмагест» атты еңбегі фундаменталды бағыт болды. Мұсылман ойшылдары осы еңбекті зерттеуде математикалық білімдері мен физикалық шынайылықтағы сәйкестікті жою және осы салалардағы қателіктерді түзетіп, шешім ұсынуда кешенді зерттеулер жүргізген.

Ортағасырлық мұсылман өркениетіндегі ғылымның дамуы қарапайым шарттардың кездейсоқ тоғысуы мен ғылыми идеялардың кездейсоқ кездесуінің нәтижесі емес. Ол ислам мәдениетіндегі интегралды үдерістерден бастау алған мақсатты түрде дамыған құбылыс [5]. Соның нәтижесінде, қазіргі кездегі ғылым ордасы секілді «Ғылым үйі» деп аталатын ғылыми институттар пайда болып, ол жерде ғылыми білімнің түрлі салалары қарқынды дамыған. Тарихи деректерге сүйенсек, білім Халифаттың түрлі аймақтарындағы ғалымдар арасында тез арада тарап отырған. Ортағасыр кезеңіндегі жағдайда, ислам әлемінің түрлі бөліктеріндегі қарым-қатынас ғылыми білімнің тасымалдануы мен түрлі ғылыми және интеллектуалды орталарда ғылыми білімнің

алмасуына, өзара толысуына үлесін қосқан. Ислам әлеміндегі ғалымдардың іс-әрекеттері мен байланыстарының нәтижесінде ғылыми-зерттеу атмосфера туындап, ол өз кезегінде интеллектуалды қозғалыстың дамуына алып келеді [5].

Қорытынды

Ортағасырлық ислам ғылымының тарихына көз жүгіртсек, заманауи ғылымның басты шарттары мен көрсеткіштері болып табылатын зерттеу жүргізу тәжірибесі, әдіснамасы, эксперимент, бақылау сияқты элементтердің мұсылман ғалымдарының жұмыстарында орын алғанын байқаймыз. Сол дәуірдегі ғылыми концепцияға сай, «ғылыми ойлаудың негіздері - адамдардың күнделікті тәжірибелік өмірлері мен «тәжірибелік өнерде» жатыр. Ортағасырлық мұсылман өркениетіндегі ғылымның басты компоненттерінің бірі эксперимент жасау болған. Әл Рази, Жабир ибн Хаянның эксперименттің құндылығын жоғары бағалау және өздерінің жұмыстарында көрсете білуі келесі ғалымдардың жұмыстарына зор ықпал еткен [14].

Ибн Хаянның тұжырымдауына «Ғылымда ең маңызды эксперимент жүргізу. Егер кімде-кім эксперимент жүргізбейтін болса, ол ешқашан шеберлікке жете алмайды. Сондықтан кез-келген тұжырымды дәлелдей алу қатаң да басты қағидат болуы тиіс, ондай болмаған жағдайда, бұл тұжырым ақиқат болмауы да мүмкін» [15].

Ортағасырлық кезеңде «ғылымның өндірістік қызметтері баяу ғана көрініс бере бастаған және медицина басқа ғылымдарға қарағанда өзінің терең практикалық міндеттерін көрсеткен» [16]. Ортағасырлық мұсылман әлемінде теориялық білімнің болмыспен, соның ішінде өндірістік тәжірибемен тығыз байланысының жүзеге асуын көреміз. Ғалымдардың еңбектері практиканың теорияға дейінгі логикалық және тарихи алғышарт екенін және осы теорияны дамытудың шарты екенін түсініп, зерттеу

жұмыстарын осы схема арқылы жүзеге асырғанын көрсетеді.

Мұсылман ғалымдары ғылымның көптеген салаларында алға шықты: математика, химия, медицина, астрономия, физика, оптика және т.б. араб-мұсылман ғалымдары өз есімдерін аэродинамика тарихында да қалдырды.

Ислам математиктері параллельдер теориясында үлкен жұмыс жасады. Бұл теория Евклид постулаттарына негізделген теоремалар тобынан тұрды. Ислам математиктері 500 жылдан астам уақыт бойы осы постулаттарды зерттеуді тек оларды қабылдаудың орнына дәлелдеме алу үшін жалғастырды. Алайда, бұл проблемалар XII ғасырда Еуропаға көшкеннен кейін, XVI ғасырға дейін одан әрі зерттеулер аз жүргізілді. Мұсылман ғалымдары математикалық идеялар мен қатынастарды дамытуда логиканы қолдануға ғана емес, сонымен бірге нәлді қамтитын және теңдеулерді шешуге әкелетін жұмыс істейтін сандық жүйеге де өз үлестерін қосты. Осылайша, мұсылмандар өздерінің теорияларын тексеру үшін математикалық модельдеуге және оны қолдануға әкелетін жұмысты бастады. Бұл білім мен көзқарас біртіндеп Испания мен Сицилия арқылы Еуропаға өтті.

Мұсылман қоғамдарындағы кез келген сала бойынша ғылым тарихы жөнінде еңбектер мен мәліметтердің жоқ екендігі жөнінде осы ғылым тарихы саласын зерттеген кез келген маман дәлелдей алады. Исламдағы ғылым туралы жалпы білім негізінен аудармалардан келтірілген қысқаша үзінділерден немесе Еуропаға белгілі бір қатысы бар текстерден, кездейсоқ ашылған жаңалықтардан ғана тұрады. Сонымен қатар, мұсылман өркениетіндегі ғылым салаларындағы текстерді жүйелеу, бұл текстердің қандай контекстерде жазылғандығы жөнінде зерттеу тәрізді ешқандай әрекет жасалмаған [17].

Әдебиеттер тізімі

1 Сейтахметова Н.Л., Сагикызы А., Турганбаева Ж.Ж. Исламская научная традиция и

европейская мысль // *Вопросы философии*. – 2021. - №7. – С. 72-88.

2 Кирабаев Н.С. Понятия и проблемы классической арабо-мусульманской философии // *Вестник РУДН, серия Философия*. – 2011. - №4. – С. 80-87.

3 Шангараев Р.Р. Мусульманская религиозная философия. – Казань, ИД «Меддок», 2020. – С. 252.

4 Сагадеев А. Восточный перипатетизм. – М., Марджани, 2009. – 232 с.

5 Курмангалиева Г.К. Восточно-перипатетическая рациональность: опыт философской репрезентации: монография. – Алматы, ИФПР КН МОН РК, 2014. – 276 с.

6 Kennedy E.S. *Studies in the Islamic Exact Sciences*. – Beirut, American University of Beirut, 1983. – 771 p.

7 Saliba G.A. *History of Arabic Astronomy: Planetary Theories During the Golden Age of Islam*. – NYU Press, 1995. – P. 352.

8 King D. *Islamic Mathematical Astronomy*. – London, Variorum, 1986. – 342 p.

9 Rashed R. *The Development of Arabic Mathematics: Between Arithmetic and Algebra* // *Boston Studies in the Philosophy of Science Series*. – Dordrecht, Kluwer, 1994. – 156 p.

10 Фролова Е.А. *История средневековой арабо-исламской философии* – М., Институт философии РАН, 1995.

11 Al-Khalili J. *The House of Wisdom: How Arabic Science saved Ancient Knowledge and Gave us*. – NYC, Penguin Press, 2010. – P. 302.

12 Fakhry M. *A history of Islamic Philosophy*. – New York & London, Columbia University Press, 1970. – 427 p.

13 Аль-Джанаби М. *Теология и философия ал-Газали*. – М., Марджани, 2010. – 240 с.

14 Al-Hassani S.T.S. *1000 Years of Missing Industrial History // A Shared Legacy: Islamic Science East and West*. – Universitas de Barcelona, 2008. – P. 57-82.

15 Singer C. *A Short History of Scientific Ideas to 1900*. – Oxford University Press, 1959. – P. 185.

16 Соколов В. *Средневековая философия*. – М., Высшая Школа, 1979. – 209 с.

17 Rager F.J. & Rager S.P. *The Islamic Scientific Manuscript Initiative. Towards a Sociology of the Exact Sciences in Islam* // *A Shared Legacy: Islamic Science East and West*. – Universitas de Barcelona, 2008. – P. 15-22.

Transliteration

1 Sejtahmetova N.L., Sagikyzy A., Turganbaeva Zh.Zh. *Islamskaja nauchnaja tradicija i evropejskaja mysl' [Islamic scientific tradition and*

European thought] // *Voprosy filosofii*. – 2021. – №7. – S. 72-88. (in Russ)

2 Kirbaev N.S. Ponjatija i problemy klasicheskoj arabo-musul'manskoj filosofii [Concepts and problems of classical Arab-Muslim philosophy] // *Vestnik RUDN, serija Filosofija*. – 2011. – №4. – S. 80-87. (in Russ)

3 Shangaraev R.R. Musul'manskaja religioznaja filosofija [Muslim religious philosophy]. – Kazan', ID «Meddok», 2020. – S. 252. (in Russ)

4 Sagadeev A. Vostochnyj peripatetizm [Oriental peripatetism]. – M., Mardzhani, 2009. – 232 s. (in Russ)

5 Kurmangaliev G.K. Vostochno-peripateticheskaja racional'nost': opyt filosofskoj reprezentacii: monografija [Eastern Peripatetic Rationality: the experience of philosophical representation Eastern Peripatetic Rationality: the experience of philosophical representation]. – Almaty, IFPR KN MON RK, 2014. – 276 s. (in Russ)

6 Kennedy E.S. Studies in the Islamic Exact Sciences. – Beirut, American University of Beirut, 1983. – 771 p. (in Eng)

7 Saliba G.A. History of Arabic Astronomy: Planetary Theories During the Golden Age of Islam. – NYU Press, 1995. – P. 352. (in Eng)

8 King D. Islamic Mathematical Astronomy. – London, Variorum, 1986. – 342 p. (in Eng)

9 Rashed R. The Development of Arabic Mathematics: Between Arithmetic and Algebra // Boston Studies in the Philosophy of Science Series.

– Dordrecht, Kluwer, 1994. – 156 p. (in Eng)

10 Frolova E.A. Istorija srednevekovoj arabo-islamskoj filosofii [History of Medieval Arab-Islamic Philosophy]. – M., Institut filosofii RAN, 1995. (in Russ)

11 Al-Khalili J. The House of Wisdom: How Arabic Science saved Ancient Knowledge and Gave us. – NYC, Penguin Press, 2010. – P. 302. (in Eng)

12 Fakhry M. A history of Islamic Philosophy. – New York & London, Columbia University Press, 1970. – 427 p. (in Eng)

13 Al'-Dzhanabi M. Teologija i filosofija al-Gazali [Theology and philosophy of al-Ghazali]. – M., Mardzhani, 2010. – 240 s. (in Russ)

14 Al-Hassani S.T.S. 1000 Years of Missing Industrial History // A Shared Legacy: Islamic Science East and West. – Universitas de Barcelona, 2008. – P. 57-82. (in Eng)

15 Singer C. A Short History of Scientific Ideas to 1900. – Oxford University Press, 1959. – P. 185. (in Eng)

16 Sokolov V. Srednevekovaja filosofija [Medieval Philosophy]. – M., Vysshaja Shkola, 1979. – 209 s. (in Russ)

17 Ragep F.J. & Ragep S.P. The Islamic Scientific Manuscript Initiative. Towards a Sociology of the Exact Sciences in Islam // A Shared Legacy: Islamic Science East and West. – Universitas de Barcelona, 2008. – P. 15-22. (in Eng)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Дамира Әлиқызы Сіқымбаева

жетекші ғылыми қызметкер, PhD, Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, email: alpesh_83@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-7639-9252

Динара Мұхтарқызы Жаңабаева

жетекші ғылыми қызметкер, PhD, Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, email: dinara.jan@bk.ru@bk.ru ORCID ID: 0000-0001-7718-4459

Дамира Алиевна Сихимбаева

ведущий научный сотрудник, PhD, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: alpesh_83@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-7639-9252

Динара Мухтаровна Жанабаева

ведущий научный сотрудник, PhD, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: dinara.jan@bk.ru@bk.ru ORCID ID: 0000-0001-7718-4459

Damira Sikhimbaeva

Leading Researcher, PhD, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: alpesh_83@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-7639-9252

Dinara Zhanabayeva

Leading Researcher, PhD, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: dinara.jan@bk.ru@bk.ru ORCID ID: 0000-0001-7718-4459